## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 16 шілдедегі N 784 қаулысына толықтыру енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 19 қаңтардағы N 38 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 27 желтоқсандағы № 1195 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 27.12.2023 № 1195 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 наурыздағы N 828 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 12 қаңтардағы N 272 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайтын немесе онымен келісім бойынша тағайындалатын лауазымды адамдар бойынша кадр мәселелерін шешу тетігін жетілдірудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 16 шілдедегі N 784 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайтын немесе онымен келісім бойынша тағайындалатын орталық және жергілікті атқарушы органдардың, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің мемлекеттік саяси қызметшілері мен өзге де басшы лауазымды адамдары лауазымдарының тізбесінде:

мынадай:

"Министрлердің Үкімет министрлермен Президентпен -
орынбасарлары немесе оның
(вице-министрлер) тапсыруымен
Әкімшілік
Басшысымен "
деген жолдың алдынан:

"Премьер-Министр Үкімет Премьер- Президентпен -
Кеңсесінің Басшысы Министрмен немесе оның
тапсыруымен
Әкімшілік
Басшысымен "
деген жолмен толықтырылсын.

. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК